

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 2 наурыздағы № 44-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын және ай сайын, келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тоқсанның қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтасын және келесі тоқсандағы айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 44-ө өкімімен бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапалы және уақтылы
------------------------	-------------------------	-------------------	-----------------	--------------------------------------

Р/с №			мемлекеттік орган		өзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер меп толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИИДМ	2021 жылғы наурыз	Қ.А.Өскенбаев
2.	Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылысжайларды бұзу) бойынша жұмыстар кешенін жүргізуге шешім бер қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы	ИИДМ	2021 жылғы сәуір	Қ.А.Өскенбаев
3.	"Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерд жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 398 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А . Х Әміргалиев
4.	"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А.Х.Әміргалиев
5.	"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А.Х.Әміргалиев
6.	"Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 164 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А.Х.Әміргалиев
	"Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру				

7.	және түпнұсқасының (қуәландырылған көшірмесінің күшін жою қағидаларын бекіт туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 244 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А . Х . Әмірғалиев
8.	"Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А . Х . Әмірғалиев
9.	"Құқықтық кадастрды қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрға қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 1382 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А . Х . Әмірғалиев
10.	"Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 164 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А . Х . Әмірғалиев
11.	"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 1192 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы сәуір	А.Х.Әмірғалиев
12.	"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 1520 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 55 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	Әділетмині ҰЭМ	2021 жылғы сәуір	А.Х.Әмірғалиев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК